

Бекітемін  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысы *С.М. Дауешова* Дауешова С.М.  
« 12 » 12 2024 ж.

**«Кәсіби маманды тәрбиелеу» мектеп директорларының  
оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін  
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларына арналған Байқау (бұдан әрі-Байқау) басқарудың тиімділігін арттыру бойынша шығармашылық қызметін дамытуға, мемлекеттік білім беру стандарттарын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастырудағы инновациялық технологияларды қолдауға, мектеп директорларының орынбасарларының кәсіби шеберлігін арттыруға, білім беру басымдығын бекітуге бағытталған.

**1.2. Байқаудың мақсаты**

Жалпы орта білім беру ұйымдары басшыларының тиімді жұмыс істейтін орынбасарларын анықтау, көтермелеу және қолдау мақсатында, сондай-ақ білім беру ұйымдарында нәтижелі озық және инновациялық менеджментті дәріптеу.

**1.3. Байқаудың міндеттері**

- мектеп басшыларының үздік орынбасарларын анықтау;
- мектеп басшыларының үздік орынбасарларын тиімді басқару тәжірибесін зерделеу және тарату;
- мектеп басшылары орынбасарларының оң кәсіби имиджін қалыптастыру;
- басқару қызметінің және жалпы білім беру жүйесінің проблемаларын зерттеу.

1.4. **Байқауды ұйымдастырушы:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК.

**2. Байқауға қатысу тәртібі**

2.1. Байқауға білім беру ұйымдарында қызмет істейтін директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары қатыса алады.

2.2. Байқауға қатысу үшін өтінім беру міндетті.

2.3. Қатысушылар жасына шектеу жоқ.

2.4. Байқау **онлайн** өткізіледі.

2.5. Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- Қатысуға өтінім (берілген үлгіде).
- Жоба презентациясы (4,5-бөлімдегі талаптарды қараңыз).

2.6. Құжаттар электрондық түрде [k.bayahmetbaeva@astana-modern.edu.kz](mailto:k.bayahmetbaeva@astana-modern.edu.kz) мекенжайына жіберіледі.

**3. Байқау мерзімі мен кезеңдері**

3.1. Байқау үш кезеңнен тұрады:

- I кезең: Өтінім қабылдау 19-20 желтоқсан, 2024 жыл.
- II кезең: Материалдарды бағалау 23-25 желтоқсан, 2024 жыл.
- III кезең: Қорытынды (жеңімпаздарды марапаттау) 27-желтоқсан, 2024 жыл.

**4. Жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар**

4.1. Титул парағы: жобаның атауы, қатысушының аты-жөні, білім беру ұйымының атауы.

4.2. Жобаның өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, мерзімі.

4.3. Инновациялық шешімнің сипаттамасы, іске асыру әдістері мен тетіктері.

4.4. Тиімділік көрсеткіштері, перспективасы.

4.5. Жобаны іске асыру шынайылығы.

#### **5. Техникалық талаптар:**

- Көлемі: негізгі мәтін 20 бет .
- Құжат пішімі: презентация Microsoft PowerPoint.
- Қаріп: Arial, Tahoma, Verdana, Times New Roman, Calibri.
- Мәтін жақсы оқылуы керек, қара фонда ақ мәтінді қолданбаңыз.

#### **6. Бағалау өлшемшарттары**

Байқауда «Кәсіби маманды тәрбиелеу» жобасы бағаланады.

6.1. Ұсынылған жобаларда бағалау критерийлеріне қарай педагогикалық әдістер, тәжірибелер, оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары және т.б. аспектілер қамтылуы тиіс.

6.2. Жобалар келесі өлшемшарттар бойынша бағаланады:

- Тақырыптың ашылуы – 5 балл;
- Инновациялық шешімдер мен идеялар – 20 балл;
- Ұсынылған жобаның практикалық маңыздылығы – 20 балл;
- Педагогикалық шеберлік пен креативтілік – 20 балл;
- Техникалық талаптарға сәйкестігі – 5 балл;
- Жобаны ұсыну ерекшелігі, жүйелілігі – 10 балл.

**Жоғары шекті ұпай саны: 80 балл.**

#### **7. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

7.1. Байқау қорытындысы бойынша сарапшылар үш жеңімпазды анықтап, дипломдар және бағалы сыйлықтар табыстайды:

- Бірінші орын – диплом және смарт колонка.
- Екінші орын – диплом және смарт сағат.
- Үшінші орын – диплом және смарт білезік.
- 45-50 балл аралығында алған барлық қатысушыларға байқауға қатысқаны үшін

сертификаттар беріледі.

#### **8. Сараптамалық комиссиясы**

8.1. Жобаларды бағалау үшін білім беру, басқару, инновациялар саласындағы мамандардан және серіктес ұйымдардың өкілдерінен сараптамалық комиссия құрылады.

8.2. Комиссияның құрамын ұйымдастырушы бекітеді және қатысушылардың назарына жеткізеді.

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ ҮЛГІСІ**

Барлық құжаттар k.bayahmetbaeva@astana-modern.edu.kz. электронды поштасына жіберіледі.

**«Кәсіби маманды тәрбиелеу»**

**ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты:

\_\_\_\_\_

2. Туған жылы, айы, күні:

\_\_\_\_\_

3. Білім беру ұйымының атауы:

\_\_\_\_\_

4. Жоба атауы:

\_\_\_\_\_

5. Қатысушының байланыс ақпараттары:

- Ұялы телефон: \_\_\_\_\_

- Электрондық пошта: \_\_\_\_\_

6. Өтінімді тапсыру күні:

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қатысушының қолы:

\_\_\_\_\_